



ЖОЛ ҚАУІПСІЗДІГІ МӘСЕЛЕСІ ҚАРАЛДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев балалардың жол қауіпсіздігі бойынша шұғыл жиналыс өткізді. Оған құқық қорғау органдарының, облыстық басқармалармен департамент басшылары, қала және аудан әкімдері қатысты. Аймақ басшысы жеке балабақшаның тасымал көлігінің жол-көлік оқиғасына ұшырауы жауапты сала басшыларының жұмысты дұрыс үйлестіреуінен болғанын қатаң сынға алып, тиісті шара қабылдауды тапсырды.

«Бұған дейін жеке және мемлекеттік балабақшалардағы, мектептердегі тасымал мәселесі, балалардың жол қауіпсіздігі бойынша қала және аудан әкімдеріне, полиция департаментіне, білім басқармасына бірнеше рет тапсырмалар берген болатынмын. Дегенмен, жұмыс әлі күнге дейін өз деңгейінде дұрыс ұйымдастырылмады. Жеке балабақшалардың тасымал көліктерінде орын алып жатқан заңбұзушылықтар полиция органдары тарапынан бақылаудың жоқтығын көрсетеді.

Қызылорда қаласы мен барлық ауданда ашылған Жедел басқару орталықтарының, әсіресе патрульдік полицияның жұмысын күшейту қажет. Балалардың қауіпсіздігіне қатысты жағдайды қатаң бақылауда ұстаңыздар!

Өңіріміздегі барлық білім беру ұйымындағы тасымал мәселесін шұғыл түрде жан-жақты тексеріп, талаптарға сай келмейтіндерді анықтап, тиісті шаралар қабылданыңдар. Жол қауіпсіздігін, оның ішінде білім беру ұйымдары аумағындағы қауіпсіздікті қатаң бақылауға

алып, тұрақты түрде рейд ұйымдастырыңыздар», – деді Н. Нәлібаев.

Жиналыста облыстық полиция департаментінің бастығы Серік Ергешов баяндама жасады. ІІМ бекіткен бұйрыққа сәйкес, балалар тасымалымен айналасатын көліктер екі есікті, ұстау құрылғысы және «Балалар тасымалы» деген жазуы бар, сары түсті жаркылдауық маякпен жабдықталған болуы тиіс. Осы бұйрықтың орындалуын тексеру барысында 29 заңды тұлғаға қатысты ҚР ӘҚБтК-нің 474-бабымен әкімшілік хаттама рәсімделіп, 75 көлік айып алаңына қойылса, 58 көліктің мемлекеттік белгісі тәркіленді.

Жыл басынан тасымалдау ережесін бұзған жүргізушілерге қатысты 800-ге жуық әкімшілік құқықбұзушылық анықталып, тиісті шаралар қабылданды. Рейд жыл аяғына дейін жалғайды. Сондай-ақ, жиналыста білім, мәдениет, спорт басқармаларына, Қызылорда қаласы және аудан әкімдеріне балалардың қауіпсіздігін тек білім беру ұйымдарында ғана емес, спорттық, мәдени-көпшілік шараларға қатысқан кезде де қатаң бақылауға алу міндеттелді.

ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Светлана Жақыпова Қызылорда облысына жұмыс сапарымен келіп, Мемлекет басшысының жолдауымен біріңғай цифрлық платформаны енгізуге қатысты тапсырмасын орындау мақсатында мәжіліс өткізді. Мәжіліске салалық басқарма басшылары мен оған қарасты мекемелердің директорлары, Қызылорда қаласы мен аудан әкімдері, әлеуметтік салаға жауапты орынбасарлары мен тиісті мамандар қатысты. Министр Біріңғай цифрлық платформаны енгізу бойынша өңірде атқарылған жұмыстарды тыңдап, әлеуметтік қолдау шараларының бизнес-процестерін цифрландыру бағытындағы мемлекеттік қолдау шараларын бөлудің жаңа моделін талқылады.



БІРЫҢҒАЙ ЦИФРЛЫҚ ПЛАТФОРМА ЕНГІЗУ МӘСЕЛЕСІ ҚАРАЛДЫ

Жиында облыс әкімінің бірінші орынбасары Данияр Жаналинов сөз алып, аймақта әлеуметтік сала бойынша атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталды.

Мемлекет басшысы Жолдауынан туындайтын міндеттердің бірі - әлеуметтік көмекті тек шын мұқтаждарға бағыттау және әлеуметтік тұрғыдан осал топтағы азаматтарға бөлінетін әлеуметтік қолдауларды біріңғай цифрлық платформа арқылы біріздендіру болып табылады. Біздің мақсатымыз - әрбір азаматтың әлеуметтік әл-ауқатын арттырып, қоғамдағы отбасылық құндылықтарды нығайту. 1 қыркүйектегі жағдай бойынша

облыс бюджетінің көлемі 829,2 млрд теңгені құрайды.


Әлеуметтік салаға жұмсалған жалпы шығыстың 477,5 млрд теңгесі бөлінді, бұл жалпы бюджет шығыстарының 58 пайызын құрайды. Әлеуметтік салаға жұмсалған шығыстар құрылымында білім саласы ең үлкен үлеске ие.

Әлеуметтік көмек пен әлеуметтік қамсыздандыруға 53,6 млрд теңге, мәдениет және спорт саласына 52,9 млрд теңге, денсаулық сақтау саласы 35,8 млрд теңгеге қаржыландырылды. Осылайша, өңірдің жүргізіліп жатқан бюджет саясатының

әлеуметтік бағытын растайтын әлеуметтік міндеттемелердің басымдығы сақталады, – деді Данияр Еренғалиұлы.

Айта кету керек, енді отбасының әл-ауқат деңгейі 23 әлеуметтік-демографиялық және экономикалық критерийлер бойынша анықталатын болады. Қосымша қолдау шараларына өтініш білдірген барлық отбасылар 6 санатқа жіктеледі. Шешім отбасының цифрлық картасы арқылы жиналған объективті деректер негізінде автоматты түрде қабылданады.

«Ел тілегі» ақпарат



280 ПӘТЕРЛІК 7 ТҰРҒЫН ҮЙ ИЕЛЕРІНЕ ТАБЫСТАЛДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен сол жағалаудан бой көтерген, әлеуметтік осал топтағы азаматтарға арналған 280 пәтерлік 7 тұрғын үйі иелеріне табыстау рәсімі өтті. Аймақ басшысы жаңа қоныс иелеріне құттықтауын жеткізді.

«Биыл ұлтымыздың тарихи «Қазақ» атауының қайтарылғанына, Қызылорданың Қазақ елінің астанасы болғанына 100 жыл, бұл мереке кең көлемде аталып өтуде. Мемлекет басшысының қолдауымен мерейлі жыл аясында аймағымызда сәулеті келіскен, әсем де заманауи ғимараттар бой көтеріп, саябақтар мен аллеялар қайта жаңғыртылып, жолдарымыз кеңейіп келеді. Бүгін жерлестеріміздің баспаналы болу қуанышына ортақтасып, пәтер кілтін табыстау рәсіміне жиналды.

Аймағымызда халқымыздың тұрмыстық жағдайын жақсартуға бағытталған маңызды ірі инфрақұрылымдық жобалар іске асырылуда. Соңғы үш жылда қаржыландырудың барлық көзінен 2 млн. 500 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. Кезекте тұрған халықтың әлеуметтік осал топтарына, жалғыз баспанасыз апатты деп танылған азаматтарға 5 мыңнан астам пәтер (5148) сатып алынған, 25 мыңға жуық тұрғын қоныс тойын тойлады. Аудан орталықтарында жаңадан салынған 1500-ге жуық пәтер табысталды.

Аймағымыздың ажарын айшықтап, сәулетіне сән қосатын, өңіріміздің өсіп-өркендеуіне жаңаша серпін беретін құрылыс индустриясын дамытуда құрылысшыларымыздың үлесі орасан зор. Баспаналы болу әрбір отбасыны жақсылыққа жетелейді. Қоныстарыңыз құтты болсын!», – деді Н. Нәлібаев.

Салтанатты рәсімде пәтер иелеріне қуаныш сыйлап, тұрғын үйлердің құрылысын сапалы жүргізген мердігер мекеме «Мелиоратор» ЖШС-нің құрылысшыларына облыс әкімінің алғыс хаты табысталып, Қызылорда облысының құрметті азаматы Ибрагим Әбибуллаев бағасын берді.

Биыл тұрғын үй құрылысы мен жеке салушылардан 3 800 дайын пәтерді сатып алуға бюджеттен 58 млрд. 785 млн. теңге бөлінді. Қаржыландырудың барлық көзінен 870 мың шаршы метр тұрғын үй беріледі. Ерекше атап өту қажет, өткен жылдан бастап қаламызда заманауи жаңа дизайнмен 7, 9, 12 қабатты тұрғын үйлер бой көтеруде.

КАДРЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕР ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

Шаһар басшысы Нұржан Ахатовтың төрағалығымен кадрлық өзгерістерге орай актив отырысы өтті. Жиында жаңадан тағайындалған бөлімдердің басшылары таныстырылды. Қала әкімінің өкімімен қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы қызметіне ауысу тәртібімен Дархан Пірәліұлы Бақтыяров тағайындалды.

Дархан Пірәліұлы 1991 жылы Қызылорда облысында дүниеге келген. Жоғары білімді. 2013 жылы Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетін «Технологиялық машиналар және жабдықтар» мамандығы, 2018 жылы «Ақмешіт» гуманитарлық-техникалық институтын «Құқықтану» мамандығы бойынша тәмамдаған.

Еңбек жолын 2015 жылы Қызылорда аэтоналық мұнай өндіру зауыты» ЖШС машинисті ретінде бастаған.

2016-2021 жылдары Қызылорда қаласы әкімі аппаратының әдіскері, бас маманы, қала әкімінің көмекшісі қызметтерін атқарды.

2021 жылдың 1 қарашасынан бастап 4 жылға жуық Қызылорда қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі басшысының орынбасары қызметін атқарып келді.

Сонымен қатар, қала әкімінің өкімімен қалалық қоғамдық даму бөлімінің басшысы қызметін атқарып келген Айдын Бөкенбайұлы Қайруллаев қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы қызметіне тағайындалды. Айдын Бөкенбайұлы 1981 жылы Қызылорда облысында дүниеге келген. Жоғары білімді. 2002 жылы Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетін «Журналистика» мамандығы, 2008 жылы «Құқықтану» мамандығы бойынша тәмамдаған. Еңбек жолын 2001 жылы Қызылорда облыстық телерадиокомпаниясында редактор ретінде бастаған.

2002-2018 жылдары облыстық және қалалық әкімдікте түрлі

басшылық қызметтерде болған. Қала әкімінің орынбасары, облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы, оның ішінде, 2013-2014 жылдары осы мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы қызметін абьроймен атқарды. 2018 жылдан бастап «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ Қызылорда облысы бойынша филиалының директоры, орынбасары қызметтерінде болды. 2024 жылдың мамыр айынан бастап осы кезге дейін қалалық қоғамдық даму бөлімінің басшысы қызметін атқарып келді.

Сондай-ақ, қала әкімінің өкімімен Жағыпар Айтбайұлы Тажмаханов қалалық қоғамдық даму бөлімінің басшысы қызметіне тағайындалды.

Жағыпар Айтбайұлы 1984 жылы Қызылорда облысында дүниеге келген. 2006 жылы Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде «Тарих» мамандығы, 2011 жылы ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясында «Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығы бойынша білім алған. Еңбек жолын 2007 жылы №235 орта мектебінің бағдарлы оқыту жөніндегі директордың орынбасары болып бастаған. 2008-2022 жылдары облыстық және қалалық әкімдікте түрлі басшылық қызметтерде болған. Оның ішінде Жалағаш ауданы әкімінің орынбасары, облыс әкімі аппаратының Қазақстан халқы Ассамблеясы хатшылығының меңгерушісі қызметтерін абьроймен атқарған. 2022 жылдан бастап осы кезге дейін қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы лауазымын атқарып келді.

«ЕЛ ТІЛЕГІ» ГАЗЕТІ

еліміздің барлық өңірлеріне тарайды. Бүгінде өзінің оқырмандары асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымдарға 2025 жылдың ІІ жартыжылдығына жазылу науқаны жүріп жатыр.

«Ел тілегі» газетіне жеке жазылушылар үшін индекс 65007

6 айға – 2800 теңге;

БАСЫЛЫМДЫ АСЫҒА КҮТЕТІН ОҚЫРМАНДАРЫМЫЗБЕН ӘРДАЙЫМ БІРГЕМІЗ!

- Мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз, бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе, әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз «Ел тілегі» газетіне жарнама беріңіз!
- Сонымен бірге құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса, құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!

Қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар: 8(7242) 27-85-75; 8-7059827661, 8 777 752 54 63.



ЖОЛДАУДАН ТУЫНДАЙТЫН МІНДЕТТЕР БЕЛГІЛЕНДІ

Премьер-министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру, жол жүру және жаяу жүргіншілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері қаралған Үкімет отырысы өтті. Оған облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев селекторлық режимде қатысты. Үкімет отырысынан кейінгі жиналыста аймақ басшысы жауапты сала басшыларына бірқатар міндет жүктеді.

«Президентіміздің Жолдауынан туындайтын тапсырмаларды іске асыру жөніндегі Жалпыұлттық іс-шаралар жоспарының жобасы мақұлданды. Аталған құжат негізінде Өңірлік жоспарды әзірлеп, бекітуіміз қажет. Бұл жұмыстарға барлық басқарма, қала, аудан әкімдіктері, аумақтық департаменттер мен инспекциялар, өңірлік жоғары оқу орындары жұмылдырылуы керек. Облыстық экономика және қаржы басқармасы Президентіміздің Жолдауындағы тапсырмаларды өңірлік жоспарға енгізіңіздер. Облыстағы, яғни Түркістан облысының шекарасынан Ақтөбеге дейінгі аралықтағы демалыс орындары мен жол бойындағы сервистік нысандарды, автомобиль жолдары мен теміржол бойындағы нысандарды, туристік аймақтарды, олардың

қасбеттерін, аумағының санитарлық тазалығын талапқа сәйкестендіріп, қатаң бақылаңыздар. Жаңадан салынып жатқан тұрғын үйлердің сапасына қатысты ешқандай мәселе болмауы тиіс», – деді Н.Нәлібаев.

Сонымен қатар, жол қауіпсіздігін, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету, бейнебақылау камералары мен стационарлық жылдамдық өлшегіш құрылғыларын орнату, опто-талшықты желілер тартуды толық аяқтап, қараша айында іске қосу міндеттелді. Айта кетейік, биыл өңіріміздегі жол инфрақұрылымын дамытуға республикалық, облыстық, аудандық бюджеттен қаржы бөлініп, 329 шақырым автомобиль жолдары, көшелер мен көпір өткелдері жөндеуден өтуде. Бұл жұмыстардан соң жақсы жағдайдағы жолдардың үлесі 95 пайызға жетеді.

БІРҚАТАР НЫСАНДАРДЫҢ ҚҰРЫЛЫС БАРЫСЫН ТЕКСЕРДІ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев орталық стадионның құрылыс жұмыстарының барысын тексеріп, жауапты басшыларға тапсырмалар жүктеді. Қызылордадағы халықаралық стандарттарға сәйкес келетін 11 мың орындық Орталық стадион жақын күндері ашылады. Спорт нысаны УЕФА талаптарына сай, материалдық-техникалық базасы соңғы үлгідегі заманауи құралдармен жабдықталған.

Жаңа ғимараттың жалпы аумағы 20 мың шаршы метр. Жасыл алаңнан бөлек, бокс, күрестің үш түрінің, атап айтқанда, дзюдо, грек-рим, еркін күрес, фитнес, спорттық гимнастика, таеквондо және ауыр атлетика залдары қамтылған. Спорт залдар келушілерге жыл он екі ай сапалы қызмет етеді. Жалпы ғимарат үш қабатты. Бірінші қабатында спорт түрлеріне арналған жаттығу залдары, екінші қабатында әкімшілік бөлмелер, үшінші қабатында спортшылар үшін және ауқымды жиындар өткізуге арналған бөлмелер қарастырылған. Барлық талапқа сай келетіндіктен, халықаралық дәрежедегі ауқымды ойындарды өткізуге толық мүмкіндік бар. Айта кетейік, облыс орталығында құны 20 млрд. 500 млн. теңгені құрайтын «Қызылорда Арена» көпбейінді спорт кешенінің құрылысы жүргізілуде. Бұл нысанда олимпиадалық стандарттарға сай 50 метрлік бассейн, Әлем және Азия чемпионаттарын өткізуге арналған 2500 орындық зал, олимпиадалық спорт түрлеріне арналған жаттығу залдары қамтылады. Құрылысы 2026 жылдың екінші жартыжылдығында аяқталады.

Өңірде спортты дамытуда ауқымды жұмыс атқарылып



келеді. Соңғы үш жылда 20 спорт кешені ашылды. Биыл «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында

елді мекендерде тағы 6 спорт кешені салынып, пайдалануға беріледі. «Қазақстан халқына»



«ҚАЖЫМҰҚАН ЖОЛЫ» АТТЫ ҰЛТТЫҚ КҮШ ТУРНИРІ ӨТТІ

Қызылорда қаласында алғаш рет қазақтың рухы мен батыр болмысын дәріптеуге бағытталған «Қажымұқан жолы» атты республикалық турнирдің өңірлік іріктеу кезеңі ұйымдастырылды. Алып күш иелерін анықтауды мақсат еткен спорттық шара төрт түркін әлем рекордшысы Сергей Цырульниковтың авторлық бағдарламасымен жүргізілді. Сондай-ақ, атамыш шараның негізгі идеясын үйлестіруші, «Қазақстан спортшылар одағы» республикалық қоғамдық бірлестігінің төрағасы Азамат Қарлығашов Қажымұқан Мұңайтпасұлының ел тарихындағы айрықша орны мен ерлігін дәріптеудің маңыздылығына тоқталып өтті. Сондай-ақ, сайысқа қатысушыларға сәттілік тілеп, батыр бабамыздың жолын жалғап жүрген өрендердің қажыр-қайратына сенім білдірді.

Турнир барысында Қажымұқан Мұңайтпасұлының негізгі жаттығу әдістері көпшілікке көрсетілді. Көрермендер ұлы балуанның күш-жігерін паш еткен тарихи жаттығуларды тамашалап, ерекше әсерге бөленді. Одан кейін жарыс қатысушылары 60-тан 100 килограмға дейінгі ауыр тастарды көтеріп, темірді майыстырып, білектің қуатын сынады. Сонымен қатар балуандар белдесуі өтті.

Жарыс соңында мықтылар арасында топ жарған жеңімпаздар марапатталып, арнайы сый-сияпатқа ие болды. Ендігі кезекте жеңімпаз қатысушылар Астанада өтетін республикалық жарыстың актық кезеңінде күш сынасатын болады.



Қармақшы ауданының әкімі Жандос Еркінбектің төрағалығымен өткен жиналыста Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына арнаған Жолдауынан туындайтын міндеттер мен жол жүру және жаяу жүргіншілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері қаралды. Жиында аудан басшысы Үкімет пен облыс деңгейінде өткен мәжілістердің қорытындыларын атап өтіп, алдағы кезеңде жүзеге асырылатын нақты шараларды белгіледі.

ЖОЛДАУДА ТУЫНДАЙТЫН МІНДЕТТЕР МЕН ҚАУІПСІЗДІК МӘСЕЛЕЛЕРІ ПЫСЫҚТАЛДЫ

– Мемлекет басшысының Жолдауы – біздің нақты іс-қимылымыздың негізі. Осы аптада актив жиынын ұйымдастырып, барлық салалар бойынша тапсырмаларды нақтылап алуға тиіспіз, – деді аудан әкімі.

Жиында жол-көлік оқиғаларының алдын алу, жол белгілерін орнату, қауіпсіздік шараларын күшейту мәселелері жан-жақты қаралды. Аудан бойынша бүгінде 1740 дана жол белгісі орнатылса, биылғы жылы аудандық бюджеттен тиісті қаржы бөлініп, қосымша 353 дана жол белгісі алынған.

– Білім беру ұйымдарының маңында қауіпсіздік талаптарын толық сақтауға тиіспіз. Бұл – балалардың амандығы. Барлық тиісті жол белгілері мен жолақтар белгіленіп, жылдамдықты шектеу және «Балалар» белгілері орнатылсын, – деді Жандос Еркінбек.

Аудан әкімі Жосалы кентіндегі бағдарламаларды орнату, сондай-ақ Ақжар-Көмекебас бағытындағы аудандық маңыздағы автожолдың жөндеу жұмыстарының созылып кеткеніне тоқталып, тиісті басшыларға нақты мерзім белгіледі. Сондай-ақ кейбір жол-көлік оқиғаларының ауыл шаруашылығы техникалары мен иесіз жүрген малдардың қатысуымен орын алатынын атап өткен аудан басшысы, кент және ауылдық округ әкімдеріне жол бойында қауіпсіздік талаптарын түсіндіру жұмыстарын күшейтуді тапсырды.

Қорытындылай келе, аудан әкімі Жандос Еркінбек жолаушылар мен жаяу жүргіншілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, Мемлекет басшысының Жолдауынан туындайтын міндеттерді жүйелі жүзеге асыру бойынша жауапты сала басшыларына нақты тапсырмалар жүктеді.

ҰЛТТЫҚ КІТАПХАНА БАСШЫСЫ ҚАЗАЛЫ АУДАНЫНА БАРДЫ

ҚР Ұлттық кітапхана басшысы Ғазиза Нұрғалиева Қазалы ауданына жұмыс сапарымен келді. Сапар барысында алдымен Ұлттық кітапхана басшысы аудан әкімінің орынбасары Дәурен Тлеумбетов пен бірге аудан орталығындағы «Руханият» орталығымен және орталықта орналасқан аудандық кітапхананың жұмысымен танысты.

Биылғы жылдың басында пайдалануға берілген «Руханият» орталығындағы неке кино залы, кітапхана, музей, архив, жастар сарайы, ардагерлер мен аналар үйі келушілерге тұрақты қызмет көрсетуде. Орталықтың жұмысы туралы Ұлттық кітапхана басшысына Дәурен Оңғарбайұлы толықтай таныстырып өтті.

Бүгінде Қазалы ауданындағы барлығы 26 кітапханада 577 - мыңнан астам кітап қоры жинақталған болса, «Руханият» орталығындағы аудандық кітапхананың өзінде 49677 кітап қоры бар. Бүгінде жаңа, заманауи ғимаратқа көшірілген кітапханаға келушілердің де саны өскен. Бүгінде орталық кітапхананың 5500- ден астам тұрақты оқырманы бар. Кітапхана жұмысымен танысу барысында Ғазиза Нұрғалиева арнайы Қазалы аудандық кітапхана қорына Ұлттық кітапхана тарапынан 1000 дана кітап беретін айтты.

Ұлттық кітапхана басшысы «Руханият» орталығынан кейін Өркендеу ауылдық округінде орналасқан көне Жанкент қалашығына барып,

ондағы археологиялық қазба жұмыстарының нәтижесінде табылған тарихи жәдігерлермен танысты.

Жанкент қалашығы – Қазалы ауданындағы республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші. Қазақстанның ортағасырлық, соның ішінде түркі-оғыз тайпаларының тарихын зерттеудегі маңызды нысан. VII–XII ғасырлардағы Сыр бойындағы ірі қалалардың бірі, Оғыз қағанатының астанасы саналған. Мұнда 2014 жылдан бері қазақстандық және шетелдік археологтардың қатысуымен кешенді зерттеу жүргізілуде. Көне шахардың тарихымен танысқан Ғазиза Құдайбергенқызы тарихи құнды қазынамыз, жәдігерлерімізді келер ұрпаққа мұра етіп қалдыру, оны насихаттау жұмыстары үздіксіз жалғаса беру керектігін жеткізді. Ұлттық кітапхана басшысы Ғазиза Нұрғалиева Өйтеке би кентіндегі абаттандыру және құрылыс жұмыстары жүргізілген Қазалы мәдени-демалыс кешенінің де жұмысымен танысты.



«СЫР ЖАСТАРЫ» БАҒДАРЛАМАСЫНА ҚҰЖАТ ҚАБЫЛДАУ БАСТАЛДЫ

Қызылордада «Сыр жастары» жеңілдетілген ипотекалық несие беру бағдарламасына құжат қабылдау басталды. Бағдарламаға қатысушылар бүгіннен бастап өтініш пен құжаттарын электронды түрде kezekete.kz сайтына тіркеп, «Жұмыс істейтін жастарға арналған «SyrJastary» жеңілдетілген ипотекалық несие беру» сервисінде жүзеге асыра алады. Бұл туралы Руслан Каюпов мәлімдеді.

«Аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаевтың бастамасымен Қызылорда облысының жастары үшін жеңілдетілген ипотекалық несие беруге бағытталған «Сыр жастары» бағдарламасын қабылдаған болатын. Бағдарламаның

жалпы құны 1 млрд 700 миллион теңге, оның 1 млрд 200 млн теңгесі облыстық бюджеттен бюджеттік несие ретінде бөлінсе, 500 млн теңге «Отбасы банкі» арқылы қарастырылып отыр. Былтыр бұл бағдарлама аясында 100 жас баспаналы болды. Бағдарламаға ұсыным беру 15 күнгізбелік күн ішінде жүзеге асырылады, бүгін басталған науқан 24 қыркүйек күні аяқталады. Одан кейін, жиналған балл саны бойынша әр санат ең көп балл жинаған қатысушылар іріктеледі, оларға электронды жолдама беріледі. Жолдаманы алған жастар «Отбасы банкінде» төлем қабілеттілігін растайды, содан кейін келісім-шарт рәсімделіп, үй табыстатын болады. Бағдарлама аясында

табыстатын үйлер қаламыздың Сол жағалауында орналасқан, жалпы көлемі 49 және 66 шаршы метрден кем емес 2-3 бөлмелі пәтерлер болады деп күтілуде», - деді басқарма басшысы.

Айта кетейік, бағдарлама бойынша сұрақтар болса, басқарманың азаматтық қоғам институттарымен жұмыс және жастар бөліміне 60-53-23 номері бойынша хабарласуға болады. Сонымен бірге, облыс, қала, аудандық жастар ресурстық орталықтарында «Сыр жастары» бағдарламасы бойынша кеңес беріп, құжат ұсынуға көмек беріледі. Жастардың құжат ұсынуға компьютері, интернеті болмаса, жастар орталықтарына барып, көмек алуға болады.



ҮЙІНІҢ АУЛАСЫНА СОРА ӨСІМДІГІН ЕККЕН

Сотталушы М. өзінің үйінің ауласындағы жерді қазып, оған сора өсімдігінің тұқымдарын салып, өсуіне жағдай жасап, сумен қамтамасыз етіп, өсіруге тыйым салынған 9 түп сора өсімдіктерін заңсыз егіп-баптап өсірген. Сараптама қорытындысына сай, заңсыз егіп, өсірілген сора өсімдігінің жалпы салмағы – 2 100 грамм екендігі бекітілген. Осылайша, сотталушы М. өсіруге тыйым салынған құрамында есірткі заттары бар сора өсімдіктерін заңсыз өсіріп, қылмыстық құқық бұзушылық жасаған. Сотталушы М. Қазақстан Республикасының ҚК-нің 300-бабы 2-бөлігі 3-тармағымен кінәлі деп танылып, 3 жыл мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалды.

ТАРАПТАР КЕЛІСІМГЕ КЕЛДІ

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотына талап қоюшы «Ф» серіктестігі жауапкер «К» серіктестігінен 10 400 000 теңге қарыз ақшаны өндіру туралы талап қоюмен жүгінген. Сот тараптарға дауды татуласу рәсімдерінің көмегімен аяқтау туралы, оның ішінде сотқа дейінгі хаттаманы жасау құқықтарын түсіндірген. Нәтижесінде, тараптар дауды медиация тәртібімен реттеу туралы келісімге келген.

Азаматтық іс бойынша дауды медиация тәртібімен реттеу туралы келісім бекітіліп, төленген мемлекеттік баж 354 432 теңге талап қоюшыға қайтарылып, азаматтық іс жүргізу өндірістен тоқтатылды.

ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ ТУРАЛЫ ІС ҚАРАЛДЫ

Жалағаш аудандық сотында Ж.-ға қатысты Қазақстан Республикасының ӘҚБтК-нің 612-бабы 3-бөлігі бойынша әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қаралды. Азамат Ж. көлік құралын басқару құқығынан айырылған адам бола тұра, Шымкент-Қызылорда тас жолы бойында көлік құралын басқарған. Сотта Ж. кінәсін толық мойындап, жеңіл жаза қолдануды сұрады.

Сот қаулысымен Ж. Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 612-бабының 3-бөлігімен кінәлі деп танылып, оған әкімшілік жаза ретінде 10 тәулік мерзімге әкімшілік қамаққа алу жазасын тағайындалды.

Жалағаш аудандық соты

СОТ ҚАУЛЫСЫМЕН ӘКІМШІЛІК АЙЫППҰЛ САЛЫНДЫ

Қызылорда қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотында азамат Т.-ға қатысты іс қаралды. Сот отырысында анықталғандай, азамат Т. қоғамдық орында – көше бойында киімсіз жүріп, айналасындағыларға құрметсіздік танытқан. Сотта құқық бұзушы өз кінәсін толық мойындап, жасаған ісіне өкінетінін және алдағы уақытта қайталанбайтынын жеткізді.

Сот қаулысымен азамат Т. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 434-бабының 1-бөлігі бойынша кінәлі деп танылып, оған 55 048 теңге көлемінде айыппұл салынды.

Қызылорда қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған соты

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ҚОҒАМ ДЕРТІ

Сыбайлас жемқорлық – кез келген мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуына кері әсерін тигізетін қауіпті құбылыс. Бұл – қоғамның тұрақтылығына, мемлекетке деген халық сеніміне сызат түсіретін, әділеттілік пен заң үстемдігін әлсірететін теріс әрекет. Сыбайлас жемқорлықпен күресу – тек құқық қорғау органдарының емес, барша азаматтардың, соның ішінде білім беру мекемелерінің де ортақ міндеті.

Сыбайлас жемқорлық ұғымы – лауазымды тұлғалардың өз өкілеттігін теріс пайдаланып, жеке басының немесе үшінші бір тұлғаның пайдасы үшін заңсыз әрекетке баруы. Бұл әрекетке пара беру, пара алу, қызметтік өкілеттікті асыра пайдалану, мемлекеттік сатып алу кезінде жасалатын заңсыздықтар жатады.

Білім саласында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу ерекше маңызды. Себебі болашақ ұрпақтың тәрбиесі мен сапалы білімі осы салаға байланысты. Егер ұстаз адалдықты ту етсе, ол балаға да сол қасиетті дарытады. Сондықтан балабақшадан бастап оқушының бойына әділдік, жауапкершілік, заңға бағыну сынды құндылықтарды сіңіру – тәрбиенің негізгі бағыттарының

бірі болуы тиіс.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің құқықтық негізі ретінде ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы, ҚР Қылмыстық кодексі, Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы агенттіктің бағдарламалары негіз болады. Сонымен қатар, елімізде «Адал Ұрпақ», «Саналы Ұрпақ» жобалары аясында жастардың бойына парасаттылық пен заңға деген құрметті қалыптастыру бағытында нақты іс-шаралар жүзеге асуда.

Сыбайлас жемқорлықпен күрес – әр азаматтың азаматтық борышы. Біз өзімізден, отбасымыздан, еңбек етіп жүрген ортамыздан бастап адалдықты, әділдікті дәріптесек, онда қоғамда жемқорлыққа орын қалмайды. Білім саласында еңбек етіп жүрген педагогтар – жас ұрпаққа үлгі. Сондықтан әр ұстаз өз жұмысында әділдікті, ашықтықты, жауапкершілікті басшылыққа алуы қажет.

А. БАЛМЫРЗАЕВА,
Қамыстыбас ауылдық округінің әкімі

ІС ЖҮРГІЗУ БАРЫСЫНДА ТУЫНДАЙТЫН МӘСЕЛЕЛЕР ТАЛҚЫЛАНДЫ

Сот Әкімшілігінің Қызылорда облысы бойынша Департаментінің ұйымдастыруымен «Атқарушылық іс жүргізу барысында туындайтын мәселелер және оларды шешу жолдары» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Оған Сот Әкімшілігінің Қызылорда облысы бойынша Департаменті басшысының орынбасары Е.Бөрібаев, соттар әкімшілерінің басшылары, ұйымдастыру-талдау бөлімінің мамандары, Қызылорда облысы бойынша Әділет департаментінің сот орындаушыларының қызметін реттеу және бақылау бөлімінің басшысы Ж.Абсат, мемлекеттік сот орындаушылары және жеке сот орындаушылардың өңірлік палатасының өкілдері қатысты.

Жиынды Департамент басшысының орынбасары Е.Бөрібаев ашып, қатысушылардың күн тәртібімен таныстырып, атқарушылық іс жүргізу барысында туындайтын мәселелерді атап өтіп, кедергілерге тоқталды. Дөңгелек үстелде атқарушылық іс жүргізуге қатысушылардың бұзылған құқықтарын уақытылы қалпына келтіру, сот актілерін орындау барысында әуре-сарсаңға жол бермеу, сот орындаушылардың жауапкершілігін арттыру, атқарушылық өндірісті қозғаудан бас тарту, атқару құжаттарын кері қайтару мәселелері талқыланды. Жиынға қатысушылар қолданыстағы заңнаманың талаптарын сақтау, бірыңғай құқық қолдануды қамтамасыз ету, атқарушылық іс жүргізу кезінде тараптардың құқықтарын бұзудың алдын алу бойынша ұсыныстарын білдірді.

Сонымен қатар, қазіргі уақытта айыппұлдарды «Робот-сот орындаушы» арқылы өндіру барысында туындайтын кедергілерді бірлесіп шешу жолдарын қарастыру қажеттілігі айтылды.

Қызылорда облыстық сотының баспасөз қызметі

АВТОЖАНАРМАЙ ҚҰЮ СТАНЦИЯЛАРЫМЕН ЖҰМЫС ЖАСАУ КЕЗІНДЕ ЖӘНЕ РЕЗЕРВУАРЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ КЕЗІНДЕГІ ӨНЕРКӘСІПТІК ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Бүгінгі таңда еліміздегі автокөлік қозғалысының артуымен бірге жанармайға деген сұраныс та жоғары деңгейде. Осы сұранысты қамтамасыз ететін негізгі нысандардың бірі – автожанармай құю станциялары (бұдан әрі – АЖКС). Бұл нысандардың үздіксіз әрі қауіпсіз жұмыс істеуі тек техникалық қана емес, өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселесімен де тығыз байланысты.

АЖКС мен жанармай сақтайтын резервуарлар - жарылыс және өрт қауіп жоғары объектілер қатарына жатады. Мұнда қауіпсіздік талаптарын сақтамау адам өміріне, қоршаған ортаға және экономикалық шығындарға әкеп соғуы мүмкін.

АЖКС қызметін пайдалануда аса жауапкершілік пен кәсібилілікті қажет ететін мәселелер бар. АЖКС-ты қолдану кезінде өзекті мәселенің бірі – өнеркәсіптік қауіпсіздігі болып табылады. Сондықтан да, АЖКС-ты қосар алдында бірнеше жұмыстар жүргізу қажет. Біріншіден, құрылысын салар алдында, жоба құжаттамасын өнеркәсіптік қауіпсіздік саласы бойынша келісу керек. Келісу үшін «электрондық үкімет» www.egov.kz веб-порталы арқылы электрондық-цифрлық қолтаңбамен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш пен жобалық құжаттаманың электрондық көшірмесі жолданады.

АЖКС-тегі өндірістік процестердің қауіпсіздігі мұнай өнімдерін қабылдаудың, сақтаудың, берудің және есепке алудың қауіпсіз технологиялық процестерін, өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарына сәйкес келетін техникалық құрылғыларды қолдану арқылы және технологиялық регламентке сәйкес қол жеткізіледі.

Оператор мұнай өнімдерін құяр алдында резервуардың және оның жабдықтарының, технологиялық құбыр желілерінің ақаусыздығын, жапқыш арматураның ауыстырып қосу құрылғысының дұрыстығын, қабылданатын мұнай өнімінің құйылатын резервуардағы өніммен сәйкестігін тексеріп, резервуардағы мұнай өнімінің деңгейі

мен температурасын өлшеуі қажет, өрт сөндіру құралдарының ақаусыздығын, автоцистерналарды жерге қосудың дұрыстығына және оның құю құрылғысының ақаусыздығына көз жеткізуі керек. Өздігінен төгілуі арқылы немесе АЖКС сорғысымен құю кезінде автоцистерна қозғалтқышының сөндірілгеніне көз жеткізіп, мұнай өнімінің төгілуіне жол бермеу шараларын жасауы қажет және резервуарға цистернадан мұнай өнімін құю барысында, бұл резервуардан машиналарға жанармай құйылмауы тиіс. Егер цистерна пломбаланбаған жағдайда, цистернадан мұнай өнімін құю алдында су сезгіш таспалардың көмегімен онда судың жоқтығын тексеріп, цистернадан сынама алып, оның ішіндегі мұнай өнімінің температурасын өлшеп алуы қажет.

Қызметкерлер жұмыс уақытында оларға берілген арнайы киімдерді, аяқ киімдерді және жеке сақтандыру құралдарын пайдалану қажеттілігін, өнеркәсіптік қауіпсіздік саласы бойынша мерзімде оқып тұруын ескерген дұрыс. Май тарату құралдарды және тағы да басқа қолданыстағы қондырғыларды уақытылы тексеруден өткізіп тұру – қауіпсіз қолданыстың негізі екенін ескеру керек.

Автожанармай құю станцияларының қауіпсіз жұмысы – тек жабдықтың сапасына емес, сонымен қатар қауіпсіздік шараларының толық сақталуына, қызметкерлердің біліктілігі мен жауапкершілігіне тікелей байланысты. Сондықтан әрбір азаматтың, әрбір кәсіпкердің, әрбір маманның басты міндеті – өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарын сақтау арқылы адам өмірі мен қоршаған ортаны қорғау

Н.УРАЗАКОВ,
Қызылорда облысының Төтенше жағдайлар Департаменті Мұнай-газ, мұнай-химия өнеркәсібіндегі, магистральдық құбырларды және жару жұмыстарын мемлекеттік бақылау және қадағалау бөлімінің бас маманы



ЕҢ БИІК КӨПІРДІҢ ҚҰРЫЛЫСЫН АЯҚТАДЫ

Қытайда Хуацяң каньоны арқылы өтетін әлемдегі ең биік көпірдің құрылысы толық аяқталды. Құрылымның биіктігі – 625 метр, ал ұзындығы – шамамен үш шақырым. Бұл көрсеткіш бойынша ол Эйфель мұнарасынан екі есе биік. Көпірдің ресми ашылуы қыркүйек айына жоспарланып отыр.

Инженерлер нысанның сенімділігін дәлелдеу үшін оған жалпы салмағы 3360 тонна болатын 96 жүк көлігін жүргізіп, бес күн бойы беріктігін сынады. Көпір жүктемеге еш қиындықсыз төтеп берген. Құрылыс бар болғаны 3,5 жылда аяқталды. Құрылым жер сілкінісінен қорғайтын икемді аспалармен жабдықталған.

Жаңа нысан Қытайдың оңтүстік-батысындағы Ляожо және Анлун аймақтарын байланыстырып, тауды өңірдегі жолды айтарлықтай қысқартады. Сонымен бірге, бұл тек көлік көпірі ғана емес: мұнда шолу алаңы, шыны лифт, дәмхана және экстремалды секіру алаңы да қарастырылған.

ӨЗБЕКСТАНДЫҚ ӘЖЕ ӘЛЕМНІҢ ЕҢ ҚАРТ ТҰРҒЫНЫ АТАНУЫ МҮМКІН

Өзбекстанда тұратын ең қарт тұрғынның жасы ресми түрде расталды. Әділет министрлігінің дерегінше, Ферғана облысының Бувайда ауданындағы «Қорақұм» махалласында тұратын Хувайдо Умарова (Тошмадова) 1895 жылдың 1 қаңтарында дүниеге келген. Бұл факт Қоқандтағы азаматтық істер жөніндегі ауданаралық соттың көшпелі отырысында анықталған. Тексеру карт аныаның үйінде өтті.

Енді туыстары Хувайдо Умарованың есімін Гиннес рекордтар кітабына енгізу үшін өтініш беруді жоспарлап отыр. Бұған дейін мұндай мүмкіндік болмаған, себебі 1999 жылы берілген төлқұжатында туған күні көрсетілмеппті.

Министрлік ресми түрде жастығын растаған соң, 130 жасқа толған Хувайдо Умарованың әлемдегі ең қарт адам ретінде мойындалуына мүмкіндік туды.

ҚАЗАҚСТАН ТМД-дағы ЕҢ БЕЙБІТСҮЙГІШ ЕЛ АТАНДЫ

Қазақстан ТМД-дағы ең бейбітсүйгіш мемлекет атанды. Global Peace Index баяндамасының мәліметінше, бейбітсүйгіш елдер рейтингінде Қазақстан 163 елдің ішінде 56-орынға жайғасты. Баяндама авторларының нұсқасы бойынша, бір жыл ішінде рейтингте бес сатыға көтерілген Қазақстан – ТМД-дағы ең бейбіт ел. Қазақстанға ең жақын орналасқандар - Армения (58-орын), Молдова мен Өзбекстан (тіісінше 66 және 67-орын).

Әлемдегі ең бейбітсүйгіш елдер деп Исландия (1-орын), Ирландия және Жаңа Зеландия (3-орын) танылды. Ал 161-орынға Судан қойылған, оның артында Украина, рейтингті Ресей қорығындылайды.

Биыл жеті айда Қазақстанда мемлекеттік басқару, қорғаныс және міндетті әлеуметтік қамсыздандыру салаларындағы негізгі капиталға салынған инвестициялар былтырғы сәйкес кезеңімен салыстырғанда 59 пайызға өсіп, 82 млрд теңгеден асты.

Қаңтар-маусым айларында Қазақстанның қорғаныс шығындары шамамен 467 млрд теңге болды. Былтырдың бірінші жартысында бұл көрсеткіш 451 млрд теңгеден аз болған еді. Алайда доллармен есептегенде қорғаныс шығындары 8,5 пайызға азайғанын аналитиктер атап өтті.

Көшеге атау беру және қайта атау туралы

«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасы 1993 жылғы 8 желтоқсандағы №2572-ХІІ Заңының 14-1 бабына және Облыстық ономастика комиссиясының 2025 жылғы 26 тамыздағы №2 санды қорытындысына сәйкес ШЕШТІ:

- Қамыстыбас ауылдық округі, Қамыстыбас ауылындағы, Қамыстыбас көшесі "Ынтымақ" атауымен қайта аталсын.
- Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қамыстыбас ауылдық округі әкімі
А.Балмырзаева

О наименовании и переименовании улиц

В соответствии со статьей 14-1 Закона Республики Казахстан «Об административно-территориальном устройстве Республики Казахстан» от 8 декабря 1993 года № 2572-ХІІ и заключением №2 Областной ономастической комиссии от 26 августа 2025 года РЕШИЛ:

- Улицу Камыстыбас в селе Камыстыбас Камыстыбасского сельского округа переименовать в «Ынтымак».
- Настоящее решение вступает в силу по истечении десяти календарных дней со дня его первого официального опубликования.

Аким Камыстыбасского сельского округа
А. Балмырзаева

Біздің ауылдың үлкен-кішісі түгел құрметтейтін ақсакалы Оқан қария қазақ тарихын, шежіресін оның ішінде, ел мен жерге қатысты деректерді, аңыз, әңгімелерді өте көп білетін. Ұлы Мұхтар Әуезов пен Илияс Жансүгіров біздің елдің өткен-кеткені туралы және 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс туралы көп мәлімет алған кезде Оқан қария 25–26 жаста екен. Бұл жөнінде өзі мақтанып айтапаған соң, өзгелер «бір жерін дұрыс айтпай қаламыз ба» деп қаймығатын. Өзім сол кісіге «барсам, әңгімелессем жақсы болар еді» деп аңсағанмен, оның ыңғайын келтіре алмай әрі жасқаншақтап та жүргенмін.

Бір күні екі кештің ортасында доп ойнап жүріп жығылып, сол білегімнің ұршығын тайдырып алдым білем, жан ұшыра үйге келгенімде әжем түк болмағандай сабырлы қалпымен қолымды жұқа шүберекпен танып, мойныма асып берді де:

— Бидайшы Оқанға көрсет. Оның оташылығы да бар. Шығып кеткен болса, орнына салып береді,— деді.

Ол кісінің үйлері қырғыз еліне апаратын күре жолдың арғы жағында, ауылдың сыртына таман болатын. Біздің үйге алыстау. Оның үстіне Оқан атаның менен бір класс төмен оқитын және одан да жас қыздары бар еді. «Солар көріп қойса, ыңғайсыз ғой» деп тартынышақтанып, әкеме қарасам:

— «Оқан атаңа барсаң болды, қылт еткізіп орнына салып бере салады әшейін,— деді. «Әшейін оп-онай болса, өзі неге қылт еткізіп салып бере салмайды екен?»— деп іштей ыза болып шықтым да кеттім.

Бардым. Тәлейіме қарай Оқан атаның өзі үйде екен, әлгі қыздары көзіме көрінбеді. «Жоқ болса екен» деп қоямын іштей. Есіктің алдында отыр Оқан ата.

— Ассалаумағалейкум, — деп оң қолымды соза алдына барғаным сол еді:

— Уәліксалам, балам. Кел, отыр,— деп қасына отырғызды да қолымдағы әжем байлаған шүберекті алып тастап, бір қолымен шынтағымды, екінші қолымен алақанымды қысып тұрып тартып қалды. Сөйтті де, алақанымды қылтасынан жоғары көтеріп, төмен түсіріп:

— Ауыра ма?— деді.

— Жоқ,— делім.

— Енді, келген шаруанды айта ғой,— деді.

Мен не дерімді білмей қалдым. Келген шаруам шығып кеткен білегімді салдыру ғой. Оны бұл кісі «шаруа» деп отырмаған секілді. Маған сұрақты көзімнен барлай қарап, жауап күткендей пейіл білдірді. Мен Оқан атаның кейпіне қарап, «білегімді салдырайын деп келдім» дегенді айта алмай:

— Өңгіме естін деп келдім сізден,— дедім.

Оқан ата разы болған әлпетінен мейірі төгіле, ерекше сүйсіне жымиды да:

— Онда үйге жүр,— деп үйге алып кірді. Мен жан-жағыма ұрлана қараймын әлгі қыздары «қайда екен» деп. Бөлмесіне келген соң: «Жайланып отыр»,— деді де керегеді ілулі тұрған қоңыр домбырасын қолына алып, қағып-қағып қойды. Құлағын бұрап, күйге келтіре ме десем, өйтпеді. Аз тыңқылдатып отырды да, бір күйді шерте жөнелді. Мен мектепте Есбосын Оспанбеков ағайдың домбырашылар үйірмесінен үйреніп жүрген күйлерден мүлде бөлек күй. Естімеген күй. «Құрманғазының күйі» деп төкпелей жөнелетін «Балбырауының» да, «Адайдың» да, «Сарыарқаның» да», «Түркештің күйі» деп екпіндете қыйындататын «Көңілашардың» да ырақтарына мүлде ұқсамайды екен. Ойлана тартатын күй секілді. Оқан ата осындай күй ырғағымен «әңгімені неден бастасам?», деп ойға шомып кеткендей біразға ұзады. Мен бар зейініммен тыңдауға көштім. Бір нәрсе түсінгім келді ме, ойланып қалдым. Соны сөзді ме домбырасын қасына сүйей салды да:

— Жеті атаңды білесің бе?— деді. Басымды сенімсізше ізедім. Өйткені мектепте бізге ешкім жеті ата туралы сабақ өтпейді ғой. Тек көшедегі шалдар ғана сұрап жатады. Білгенінше айтасың шатып-бұтып. Дұрыс айтсаң қоштап, ал бұрыс айтсаң, өздері түзеп жатады. Оны жаттай қойыын деген менде ой да болған жоқ. Дәл қазір айтып шық десе, «жеті атамыз түгел жаңылмай айта алам ба?» деп састым. Соны байқап қалды ма Оқан ата:

— Мен Албанның ішінде Айт деген руданын. Оның ішінде Бидайшымын. Бидайшыдан Ерназар туады. Одан Жасыбай, Жасыбайдан Сәуірбай дүниеге келген. Сәуірбай — менің атам. Әкемнің аты — Жолдасбай...

— Мына Шөладырда «Жолдасбайдың сайы» деген бар. Ол сіздің әкеніңіз атымен аталған ба?

— Біз әу бастан Қарқараны мекендегенбіз. Қыстауымыз Кегеннің шығысындағы Сарытау, күздеуіміз бен көктеуіміз Құмтекей, ал жаз жайлауымыз Мыңжылкының етегі, Құрқарқара, Басқарқара, Желқарқара болған. Әкем би болып тұрған кезінде Ақастылдағы Аламан Дөркенбай баймен құда болып, үлкен ұлы Қанапияға Дөркенбайдың Рэзия деген қызын алып берген. Қазіргі Еңбек Қызыл Ту орденінің иегері Қанапияев Бекен — әкеме шөбере. Әкем 1906 жылы 39 жасында қайтыс болып, Сарытауға жерленген. Ол кезде мен алты жаста едім. Мына Шөладырдың Үшінші Ащысында әкем үйші орыстарды жалдап, Мыңжылқыдан шаңжа алғызып, бірінші рет ағаштан ай салғызған. Қазір де сол жер «Жолдасбайдың ағаш үйлі сайы», «Жолдасбайдың сайы» деп аталады...

Атамнан естігенім бар еді. Осы Қарқарада би сайлауы өттігі. Ол кезде, Оқан ата бар-жоғы он алты жаста екен. Елден ерекше зерек, алғыр, ақылды болған соң, оның үстіне шар салғанда түгін саны көп Бидайшы руы көп дауыс алып, Оқан ата би сайланыпты. Сайлау ерте көктемде өтсе керек. Одан көп ұзамай, жазда көтеріліс басталып кеткен. Қарқарада болған бір шежіре айтысында «Оқан бас бәйге жеңіп алыпты» дегенді де құлағым шалған.

Оқан ата:

— Жеті атаңды сен де сұрап біліп, жадына сақтап ал,— деп менен көзін тайдыра терезе жаққа қарады. Асыл қалдым. «Мына кісі жеті атамды жетік білмейтінімді біліп қойды-ау» деп ойлап үлгермедім, сөзін әрі жалғады:



Оқан ата

— Сендерді «Сары билің ұрпағы» дейді,— деп сәл үнсіз отырды да еңсесін көтеріп, көзінің астымен маған бір қарап қойды. Бет-әлпеті, сақал-мұрты және мұрны, маңдайы, басына киген тақиясы, желбегей жамылып отырған шапаны бұл кісіні кітаптардан көрген Абай Құнанбаевтың суреттегі бейнесіне тым жақындатып жіберді. Қасын бір керіп алып, жымиып қойып әңгіме бастады:

— Бозымның ұлы Сары Тәуке ханның заманында өмір сүріпті. Жас шағында жаугершілікке араласып, қол бастап, бірнеше жекпе-жекте жеңіске жетіпті. Сендердің ата-қоныстарыңда «Ағанас» деген жазық бар. Ағанас — жоңғардың конташшысы екен. Олар біздің жерді жаулап алып біразға дейін қоныстанып отырыпты. Сол уақта Сары батыр «жерді жаудан тазартамыз» деп қол бастап келгенде Ағанас:

— Сен, алдымен, мені жеңіп көр,— деп жекпе-жекке шақырыпты.

Екі батыр, алдымен, анадайдан шауып келіп найзаласыпты. Алғашқы қақтығыста-ақ Сары Ағанастың найзасын қағып түсіріпті. Келесі қарсыласта қылышты асырды. Ағанас та мықты екен. Сары айласын асырып, Ағанастың дулығасын ұшырып жіберіпті. Сол сәтте Ағанас:

— Ер кезегі үшке дейін. Енді кел, садақтасайық,— депті. Сары бұған да келісіпті.

Әудем жерге барып біріне-бірі қарсы тұрып садақтарын кезеніпті. Ол кездегі батырлар «келсең, кел, өлсең, өл!» деп қасқайып тұрады екен бір-біріне қарсы қарап, кеуделерін тосып. Бірінші кезек жеребе бойынша Ағанасқа тиіпті. Ағанас алдынасын ішірене тартқанда, атының белі қайқайып кетіпті. Жөбіріп қалғанда, жебесі ысықырп келіп Сарының он иығына тиіп тұрып қалыпты. Бірақ құлаптапты. Сары дереу иығына қадалған жебені суырып алып, өз садағына оқтап, «өлер жерін осы» деп кіндіктің тұсын көздеп ішірене тартқанда, астындағы аты артқы екі аяғын бүгіп барып қайта серпілген сәтте Сары да оғын жөбіріп үлгеріпті. Ысқыра ұшқан өз оғы өзінің кіндігінің үстінен өтіп, арт жағынан бір-ақ шыққанда, Ағанас аттың жалын құшып қалыпты. Бірақ өлмепті. Сары жасағындағы оташы Абытаны, Абыта — біздің атамыз қасына шақырыпты. Абыта:

— Жебені суырмаймын, суырсам бірден өліп кетеді. Бұған қылсуырма жасау керек,— депті. Сонда Ағанас:

— Мен бұл жекпе-жекте бір емес үш рет өлген адаммын: қапыда найзам қолымнан ұшып кеткенде бір өлгенмін. Сары батыр қылышпен дулығамды ұшырып жібергенде екінші мәрте өлгенмін. Міне, енді өз жебеме өзім қадалып, үшінші рет өлгелі жатырмын. Мені емдеме. Осы жерде өлтіре сал,— депті. Сонда Абыта:

— Сары батыр маған сені «өлтірме, емде» деді. Мен сені өлтірмеймін, емдеймін,— деген сәтте Ағанас тәніне қадалған жебені өзі суырып алғанда ішек қарыны бірге ақтарылып кетіп, сол жерде жан тапсырыпты.

Сары батыр жау тобының алдына айғайды салып ақыра шыға келгенде Ағанастың жауынгерлері аттарынан қарғып түсіп, басын иіп қолын қуысырыпты. Осы жекпе-жектен кейін Сарының даңқы аспандап, «Сары батыр» атаныпты. Соны естіген Көдек ақын:

Өркені тамырлаған бүрлі ағаштай,
Бозымнан Сары, Жаншық анық өткен.

Сарыны батыр болған деген сөз бар,
Жаншықты Қызыр атаң шалып отыр,— деп бекер айтпаса керек. Үлкендерден жадымда қалған мына әңгімені сен де санаңа тоқып ал.

— Сары батырдың ақылы да өзгелерден озық екен. Табан астында тауып айтатыны, өзгелердің ақылы жетпеген нәрсені тез біле қоятыны, ойының ұшырлығы, тілінің шешендігі «батыр» деген атына қосымша мәртебе үстеп, ел алдында беделі биік болыпты. Мұны естіген Тәуке хан сарайына шақыртып алыпты. Келбеті келісті келген, жамалынан ішкі нұры сыртына шашыраған ақшаң жүзді жігіт ағасын

сынамақ болып:

— Екіншісі болмаған біреуді білесің бе?— дейді амандықтан соң бірден. Сары батыр:

— Білем,— дейді ойланып жатпай-ақ.

Тәуке:

— Білсең, айтыш,— дейді.

Сары:

— Ол — шыққан Күн; туған Ай; адамды өмірге әкелген ана; ананың құрсағына бала бітуіне себепкер болған әке; осылардың бәрінің жаратушысы тумаған да туылмаған иеміз — Алла тағала,— деп жауап беріпті.

Тәуке:

— Ал үшіншісі болмаған екеуді ше?— дейді.

Сары:

— Үшіншісі болмаған екеу дегеніңіз — күндіз бен түн ғой,— депті.

Тәуке хан одан әрі сынай түсіп:

— Ал енді төртіншісі болмаған үшеуді айтыш,— дегенде Сары батыр:

— Хан ием, ата-бабаларымыз төртіншісі болмаған үшеу деп ақыреттік көбінің үш-ақ рет буылатынын; азаматтың өз жұртын, нағашы жұртын, қайын жұртын, немесе бірінші байлық — денсаулық, екінші байлық — ақ жаулық, үшінші байлық — он саулық деген үш байлықты және Ай, Күн, Жұлдыз деп көктегі үш шырақты; ол аз десеңіз, дүниенің үш тұтастығын — аспанды, жер үстін және жер астын айтады,— деп жауап беріпті.

Хан осымен тоқтамапты:

— Бесіншісі болмаған төртеу бар ма?— дейді.

Сонда Сары батыр:

— Бар. Ол көктен түскен қасиетті төрт кітап — Тәурап, Забур, Інжіл және Құран көрім,— дейді. Сары бабамыздың тосылмай жауап бергеніне қызыққан хан:

— Алтыншысы болмаған бесеу деп нені айтады?— деп сұрайды.

— Бес уақыт намаз десем, қанағаттанбайсыз-ау, қазақтың өз ұғымында да алтыншысы жоқ бесеу бар. Қазақ бес қару дейді: бірінші — шабатын; екінші — түйрейтін; үшінші — кесетін; төртінші — соғатын; бесінші — атағын қаруды айтады, мұсылманның: «Алла — бір, Мұхаммед — оның елшісі» деуі — әуелгі парыз, бұларға қоса намаз, ораза, зекет және қажылық деген бес парызы бар. Бұлар да — алтыншысы жоқ бесеу.

— Ал онда жетіншісі болмаған алтауды аташы,— депті хан.

Сонда Сары:

— Мен егер «жетіншісі жоқ алтау» деп қыз-бозбала ойын-сауық құратын алтыбақанды; болмаса, алты қанат ақ орданы; әйтпесе алты алашты айтсам, хан ием, сіз қанағаттанбай қалып, мені айлық бұйырар едіңіз. Менінше, сіздің сұрап отырғаныңыз бұлар емес. Сіздің сұрап отырғаныңыз, Алла тағала бірінші күні сәуле жаратты, екінші күні көкті, үшінші күні жерді жаратты, төртінші күні суды және астында жүзетіндерді, бесінші күні жер бетінде жүретіндерді, алтыншы күні көкке ұша білетіндерді жаратты. Менінше, сіз жетіншісі жоқ осы алты күндік хикметі сұрадыңыз,— дейді. Сонда хан разы болып:

— Ақыры бастадық, соңына дейін барайық. Сегізіншісі болмаған жетеуді айтыш онда,— дейді.

Сары батыр мұның да жауабын тауып, былай деп шешіпті:

— Көнекөздердің айтуынша, сегізіншісі жоқ жетеу — бірнешеу: жеті атаға толмай қазақ ұрпағы бірімен-бірі үйленбейді; Жеті амал бар: біріншісі — күннің тоқырауы; екіншісі — қарашаның қайтуы; үшіншісі — Үркердің бағуы; төртіншісі — мұздың қатуы; бесіншісі — киіктің матауы; алтыншысы — тоқсанның кіруі; жетіншісі — айдың тоғамы. Сондай-ақ, сегізіншісі болмайтын жеті жұт бар. Олар: құрғақшылық, топан, соғыс, өрт, зілзала, індет, созылған қатал қыс. Әлбетте, алғыр қыран, ұшықар тазы, жүйірік ат, тұзу мылтық, қара қазан, өткір пышақ, ақылды жар деп жеті қазынаны да айтқаным жөн. Бірақ сіз бұлардан

да күрделі жеті қат жер үстін, жеті қат жер астын сұрап отырсыз-ау,— деп тоқтайды.

Хан Тәуке:

— Ал тоғызыншысы болмаған сегізді атай аласың ба?— деп сұрайды. Сары батыр аз ойланып:

— Сіздің білгіңіз келіп отырған сегізініз қиямет күні Аршты таситын сегіз періште ме екен деп қалдым. Әсте, хан ием, үлкендердің айтуынан білгенім, тоғызыншысы жоқ «сегіз» бірнеше. Алдымен, діни міндет сегіз: Парыз, Уәжіп, Сүннет. Зиянды нәрселер істемеу. Харамға жоламау. Мұзтаһаб болу. Мақруһтен аулақ болу. Рұқсат етілгендер. Дәрет алудың да сегіз сүннеті бар, таратып айтсам уақытыңызды алармын,— дейді.

Тәуке хан:

— Сегізді білдік. Енді оныншысы болмаған тоғызды аташы,— дейді.

Сары батыр бұған да жауап тауыпты.

— Хан ием, сіз егер тоғыз жауды сұрап тұрсаңыз айтайын:

Бірінші, жамандығын көрсетсе — жақын жау, Екінші, шабандығын білдірсе — атың жау, Үшінші, кеткеншек болса — қатын жау, Төртінші, көткеншек болса — түйең жау, Бесінші, қыршаңқы болса — биің жау, Алтыншы, құйаңқы болса — күйеу жау, Жетінші, жымсыма болса — жиен жау, Сегізінші, ұрлықшы болса — ұлын жау, Тоғызыншы, ұятсыз болса — қызың жау.

Хан ием, егер сіз тоғыз ортақты сұрап тұрсаңыз, оны да айтайын: шешеннің тілі — ортақ; шебердің қолы — ортақ; қатындарға қалжа — ортақ; батырларға олжа — ортақ; торқалы той — ортақ; топырақты өлім — ортақ; өмір нәрі су — ортақ; әділ болса, хан — ортақ; ханға бұқараның бәрі — ортақ. Десем де адамның ана құрсағында пайда болған сәтін «мезет» дейді. Ал одан кейінгі шыр етіп дүниеге келгенге дейінгі мезіреті — тоғыз ай. Сіздің сұрап отырғаныңыз осы мезіреттік тоғыз ай болса керек,— дейді.

Разы болған Хан:

— Он біріншісі болмаған он бар. Сол онды білесің бе?— дейді.

Сары:

— Алла сізге сұрауды, жауап беруді маған нәсіп етіпті. Егер дұрыс жауап берсем, Алланың аузыма салғаны да. Сіз адамның екі аяғында он башпай, екі қолында он саусақ болатынын сұрап отырмаған шығарсыз, естуімше, қазақтың бұрынғылары он біріншісі жоқ деп он жетімді айтады:

Сөз жетім — тыңдалмаса;
Көз жетім — көре алмаса;
Бала жетім — анасыз қалса;
Ел жетім — панасыз қалса;
Жер жетім — жайлайтын ел болмаса;
Көз жетім — күс келіп қонбаса;
Ер жетім — қасында досы қалмаса;
Күн жетім — шуағы болмаса,
Ай жетім — шырағы болмаса;
Хан жетім — қарайтын қарашасы болмаса...

Бәлкім, сіз, хан ием, Алла тағаланың Ашура күні он пайғамбарға он жақсылық бергенін айтып отырған да боларсыз?— деп кідіргенде хан:

— Сен батыр, он екіншісі болмаған он бірді де білетін шығарсың?— дейді. Сары тосылмай:

— Хан ием, бізге дейінгі ақылмандар он бір қорқынышты айтып кетіпті.

Бірінші — Алладан қорық; екінші — шайтанның азғыруынан қорық; үшінші — қайтарылмаған қарыздан қорық; төртінші — құналі болудан қорық; бесінші — ғайбат сөзден қорық; алтыншы — желкөңіл жесірден қорық; жетінші — жетімнің ақысын жеуден қорық; сегізінші — аманатқа қиянат жасаудан қорық; тоғызыншы — атаға нәлет келтіруден қорық; оныншы — анаға қарсы шығудан қорық; он бірінші — өтелмеген парыздан қорық. Міне, хан ием, он екісі жоқ он бір осылар болар,— деп тоқтайды.

Тәуке хан:

— Саған бір сұрақ қоямын. Егер дұрыс жауап тапсаң, осымен сұрағым тамам. Егер қате болса, онда сынаудың басқасына көшемін. Ал онда он үшіншісі болмаған он екі дегенді айтып көрші,— дейді.

Сонда Сары батыр бабамыз:

— Он үшіншісі болмаған он екі деп қазақтың бүркітшілері бүркітін:

бір жастағы кезін — балапан; екінші жылыға аяқ басқанын — тіркек; үшін жастағысын — тастулық; төрт жасындағысын — ана; бес жасқа келсе — мұзбалақ; алты жасқа толса — көктүбіт; жеті жасқа келгенде — күмтүлук; сегіз жасында — жана; тоғыз жасында — майтүбіт; он жасында — барқын; он бір жасында — баршын; он екі жасында — шөгіл деп он екі жасқа бөліп атайды. Бәлкі, сіз адамның он екі жұп қабырғасын айтқан боларсыз? Мүмкін, бір жылдағы он екі ай — көкек, мамыр, маусым, саршағамыз, шілде, сұмбіле, мизан, қазан, қараша, желтоқсан, қаңтар, наурызды сұрадыңыз ба, болмаса адам денесінің он екі мүшесін, әлде малдың етін он екі жілікке бөлетінін айтсын дедіңіз бе? Сірә, сіздің сұрап отырғаныңыз бәрімізге мәлім, бір мүшел он екі жыл: тышқан, сиыр, барыс, қоян, ұлу, жылан, жылқы, қой, мешін, тауық, ит, доңыз шығар?— дейді.

Сонда Сары батырдың жауабына дән разы болған хан:

— Бұдан былай албан тайпасына сен би боласың,— деп Бозымұлы Сарыны албанға төбе би етіп тағайындаған екен.

Оқан атама рақметімді айтып шыққанымда бойымды бір үлкен салмақ басып алғандай ауыр ойға шомып үйге қарай ұзақ жүріп келдім. Келдім де әжеме естіген әңгімемді қайта айтып беріп едім:

— Өйтпесе, Оқан — Оқан бола ма,— деп әжем сүйсінді де: — Құдай ерекше жаратқан жан ғой, Оқан,— деді. Сол Құдай ерекше жаратқан жаннан кейін де көп әңгіме естігенмін. Жарықтық 1986 жылы 16 желтоқсанда қаза болыпты. Есік қаласының жанындағы Қызылжар ауылының қорымына жерленіпті.

Жаны жанатта болсын!

С. МЕДЕУБЕКҰЛЫ

Меншік иесі: «Сан-Ай» пресс ЖШС Директор-Редактор Егиншibaева Анар Жақсыбекқызы Ақылдастар алқасы: Әбілбай Садықбаев Рысбай Кәрімов	Жауапты хатшы Зибаш ӘЛИ 8 705 982 76 61	Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінде қайта тіркеліп, 2021 жылдың 28 сәуір айында есепке алу туралы № КЗ36/VPY00035077 куәлігі берілген. Республикалық «Ел тілегі» тәуелсіз ақпараттық, танымдық, қоғамдық-саяси газеті КР СТ ИСО 9001-2016 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №8729 – ғ, 19.10.2007 ж	Редакцияның мекен-жайы: Тоқмағанбетов көшесі 36 а, 1 қабат 4 кабинет Телефон: 8 777 752 54 63	Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «PRINT» баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Байтұрсынов көшесі, 49 үй. Телефон: 27-61-62 Газеттің басылу сапасына жауапты «PRINT» баспаханасы. <i>Газет әр аптаның сәрсенбі күні жарық көреді</i> Газетті тасымалдауға «Сан-Ай» пресс ЖШС Тел: 27-85-75 және «Қазпошта» АҚ Қызылорда облыстық филиалы жауапты Тел: 23-54-91	Қолжазба өңделеді және авторға қайтарылмайды Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын
--	---	--	--	---	--